**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ**
**ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Жалпықұқықтық және арнайы пәндер кафедрасы**

# 6В04214 "СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ" БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БАКАЛАВРИАТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ПРОКУРАТУРАДА ӨТЕТІН ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕСНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Қ А Р А Ғ А Н Д Ы 2 0 25**

Бағдарламаны құрастырушы: ЖҚжәнеАП кафедрасының аға оқытушысы  Искакова Ж.А.

Бағдарлама 6В04214 «Сот және құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасының талаптарына, Жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу Ережелеріне сәйкес әзірленген. КарУ Казпотребеоюза-ПРВ-112-2024

Кафедраның Академиялық комитетінің отырысында талқыланды.
Хаттама №2  «24» мамыр 2024 ж.

6В04214 «Сот және құқық қорғау қызметі»
білім беру Бағдарламасының Академиялық

комитетінің төрағасы Джаксыбаева Г.М.

Жалпықұқықтық және арнайы пәндер

кафедрасының меңгерушісі Балгожина М.Е.

МАЗМҰНЫ


1. Нормативтік сілтемелер ...................................................... 4
2. Кәсіби тәжірибенің мақсаты мен міндеттері....................... 4
3. Тәжірибе өту обьектілері және мерзімдері.......................... 5
4. Тәжірибені ұйымдастыру..................................................... 5
5. Тәжірибе жетекшісінің міндеттері................................. 6
6. Студенттің міндеттері......................................................... 7
7. Өндірістік тәжірибенің мазмұны............................ 8
8. Есеп рәсімдеу бойынша әдістемелік нұсқаулық................. 10
9. Өндірістік тәжірибе қортындыларын шығару.................... 11

10. ҚОСЫМШАЛАР

№ 1 – Тәжірибеден өткендігі туралы есептің басқы беті.......................................................................................... 13

№2 Тәжірибедан өткендігі туралы күнделік-есеп беті 14

№ 3 Тәжірибе базасы және жетекшісі туралы жалпы мәліметтер 15

№ 4– Тәжірибенің жұмыс жоспары-кестесі....................... 16

№ 5 *Кәсіби тәжірибе есебін бағалау* 17

№ 6 *Кәсіпорыннан практика жетекшісінің студентке берген мінездемесі* 18

№ 7 Тәжірибеге жіберу қағазы*(жолдама)*......................................... 19

№ 8 Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру және өткізу сапасы туралы сауалнама 20

## 1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

27.07.2007 ж. ҚР "Білім туралы" Заңы 5-баптың 46-11-тармақшасы (өзгерістермен және толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (өзгерістермен және толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтыруларымен) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.

Қазтұтынуодағы ҚарУ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары, 2024ж.

## 2 ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Өндірістік тәжірибе білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады және теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттіліктерді бекітуге бағытталған.

Өндірістік тәжірибе 6В04214 «Сот және құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасының барлық курстарының бакалавриат студенттері үшін жүргізіледі, толық оқу мерзіміндегі 1 курстан басқа.

Өндірістік практиканың мақсаты кәсіби құзыреттілікті бекіту, кәсіби іс-әрекеттің практикалық дағдылары мен тәжірибесін меңгеру болып табылады.

Өндірістік тәжірибенің негізгі міндеттері:

1) мамандық бойынша кәсіби қызмет түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін зерделеу;

2) теориялық білімді бекіту және осы негізде кәсіби біліктерді, Дағдылар мен құзыреттілікті қалыптастыру;

3) инновациялық технологияларды, еңбек пен өндірістің озық әдістерін меңгеру;

4) ұйымдастырушылық және кәсіби тәжірибе алу;

5) командалық жұмыс дағдыларын, басқарудың корпоративтік қағидаттарының құзыреттілігін меңгеру;

6) өз қызметін өз бетінше жоспарлау, әріптестермен пайдалы байланыс орнату, рөлдік кәсіби позицияны анықтау, жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

## 3 ТӘЖІРИБЕ ӨТУ ОБЬЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ

6B04214 «Сот және құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің өндірістік тәжірибесін өткізу базасы облыстық, аудандық прокуратуралар болып табылады.

Өндірістік практиканың ұзақтығы білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес анықталады.

Студенттерді өндірістік практикаға жіберу өту мерзімі, базасы, практика жетекшісі және кафедра ұсыну негізінде жасалатын шарттың нөмірі көрсетіле отырып, ректордың бұйрығымен ресімделеді.

Дипломдық жұмыстың (жобаның) орнына кешенді емтихан тапсыратын студенттерде өндірістік практика мерзімі ұзартылады.

## 4ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Студенттердің тәжірибесіне жалпықұқықтық және арнайы пәндер кафедрасының тәжірибелі оқытушылары жетекшілік жүргізеді. Студенттердің өндірістік тәжірибесіне жоғары білікті мамандар тікелей басшылық етеді.

Тәжірибе жетекшілері оның өту орны бойынша студенттерге кәсіптік тәжірибе тапсырмаларын уақытында орындау үшін көмек көрсетуі тиіс.

Университет атынан практиканы ұйымдастыру мен өткізуге жалпы жетекшілік пен бақылауды университеттің оқу процесін жоспарлау, ұйымдастыру, мониторинг және бақылау департаменті жүзеге асырады.

Кафедра "Тәжірибеге берілген құжаттарды тіркеу журналында" (Ф.КП-16.1-21) студенттерге тәжірибеге берілген құжаттар пакетін тіркеуді жүзеге асырады.

Тәжірибе қорытындысы бойынша білім алушылар кафедраға есеп береді, ол студенттердің «Тәжірибеден өтуі туралы есептерді тіркеу» журналына тіркеледі және ҚҚУ-нен тәжірибе жетекшісімен тексеріледі.

## 5 ТӘЖІРИБЕ ЖЕТЕКШІСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Университет атынан өндірістік тәжірибе жетекшісі міндетті:

- тәжірибе басталғанға дейін білім алушыларды тәжірибеге қажетті даярлауды ұйымдастыру, тәжірибе бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізу;
- тәжірибе бағдарламасына сәйкес өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесін әзірлеу және оны прокуратура – тәжірибе базасымен келісу;
- студенттерді шартта көрсетілген міндеттерімен таныстыру;
- өндірістік практикаға жіберілген кезде студентке бағдарлама, өндірістік практиканың жұмыс жоспар-кестесі, күнделік-өндірістік практикадан өту туралы есеп беру .
- практикадан өтуге бақылауды жүзеге асыру;
- студенттердің практика базасының қызметкерлері үшін міндетті еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, сақтауын қамтамасыз ету;
- студенттердің практикадан өту күнделіктерін толтыруына тексеру жүргізу;
- қажет болған жағдайда, практика базасы - прокуратура қызметкерлеріне өндірістік практиканы ұйымдастыру мен өткізуге әдістемелік көмек көрсету;
- практика бойынша студенттердің есептеріне тексеру жүргізу;
- комиссиямен бірге өндірістік практикадан өту туралы студенттің есебін қорғауын қабылдау.

Прокуратурадан тәжірибе жетекшісі міндетті:

- тәжірибе өтушілерге тәжірибе бағдарламасына, өндірістік тәжірибе жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес білікті басшылық етуді жүзеге асыру;
- білім алушыға қауіпсіз жұмыс жағдайын қамтамасыз ету (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамаларды өткізу) және қажет болған жағдайда білім алушыға қауіпсіз еңбек әдістеріне оқыту жүргізу;
- тәжірибе өтушілерге қажетті түсініктемелер беру және олардың жұмыстарды уақытында және сапалы орындауды талап ету;
- тәжірибе өтушілерге баға қою, оның үлес салмағы қорытынды бағаның 40% құрайды*;*
- тәжірибе аяқталғаннан кейін әрбір тәжірибе өтушінің жұмысы туралы жазбаша сипаттама беру
- жұмыс берушілер үшін сауалнама толтыру *(№8 қосымша*)

## 6 СТУДЕНТТІҢ МІНДЕТТЕРІ

Студент өндірістік тәжірибедан өту кезінде міндетті:

- тәжірибедан өту үшін белгіленген мерзімге тәжірибе базасының билігіне келу;

- өндірістік тәжірибе бағдарламасын және өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесін толық орындау;

- тәжірибеден өту бойынша күнделік-есеп жүргізу:

а) тәжірибе базалары мен жетекшілері туралы жалпы мәліметтер;

б) күнделік-есеп мазмұны - прокуратурадан тәжірибе жетекшісі қол қойған, тәжірибе кезінде білім алушы орындаған күнделікті жұмыстың сипаттамасы;

в) кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінен мінездеме алу;

г) кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің бағасын алу;

- Прокуратура қызметкерлері үшін міндетті еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, техникалық қауіпсіздік ережелерін және өндірістік тәжірибе орнында өндірістік тәртіпті сақтау;

- ҚҚУ тәжірибе жетекшісіне өндірістік тәжірибедан өту туралы құжаттар пакетін ұсыну:

а) "келу және кету туралы белгісі" бар өндірістік тәжірибеге жолдама;

б) тапсырмаларды орындау туралы тәжірибе базасының басшысы мінездемесі , бағалау қағазы ( қол мөр қойған) күнделік-есеп;

в) жұмыс берушілер үшін толтырылған сауалнама;

г) тәжірибе бағдарламасының орындалуын көрсететін тәжірибе бойынша жазбаша есеп.

- тәжірибені ұйымдастыру және өту сапасы туралы сауалнаманы толтыру.

## 7 ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕНІҢ МАЗМҰНЫ

Прокуратурадағы практика бағдарламасы екі деңгейден тұрады. Өндірістік практиканың әрбір деңгейінің тапсырмаларын орындау және дағдыларын меңгеру тиісті теориялық модульдік бағдарламаларды игергеннен кейін жүзеге асырылады.

**Студенттер практика бағдарламасын меңгеруі тиіс:**

**- 2 курс – толық оқу мерзімі) - 1 деңгей;**

**- 1 курс (қысқартылған оқу мерзімі, жоғары білімнен кейін) - 1 деңгей;**

**- 2 курс (қысқартылған оқу мерзімі, жоғары білімнен кейін) - 2 деңгей;**

**- 3 курс – толық оқу мерзімі) - 2 деңгей;**

**- 3 курс – қысқартылған оқу мерзімі) - 3 деңгей;**

**- 4 курс – толық оқу мерзімі) - 3 деңгей.**

*Прокуратурада 1 деңгейдің өндірістік практикасынан өту кезінде студент міндетті:*

- органның құрылымын және бөлімшелердің атқаратын функцияларын зерделеу;
- прокуратура құрылымын және бөлімшелердің орындайтын функцияларын зерделеу;
- кеңсенің прокуратураның басқа құрылымдарымен өзара іс-қимылының негізі мен тәртібін зерделеу;
- құжаттарды қалыптастыру және сақтау тәртібін зерделеу;
- азаматтардың, заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау тәртібін зерделеу;
- заңнамалық актілердің дәл және біркелкі қолданылуын қадағалауды жүзеге асыру дағдыларын меңгеру.

*Прокуратурада 2-3 деңгейдің өндірістік практикасынан өту кезінде студент міндетті:*

- адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, заңды тұлғалар мен мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуын қадағалауды жүзеге асыру дағдыларын меңгеру;
- жедел-іздестіру қызметінің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру дағдыларын меңгеру;
- әкімшілік өндірістің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру дағдыларын меңгеру;
- атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыру дағдыларын меңгеру;
- мүмкіндігінше прокурордың тексерулер жүргізуіне қатысу;
- прокурордың іс-әрекеттері мен актілеріне шағымдану тәртібін зерделеу;
- прокурорлық қадағалау актілерін(наразылық, қаулы, ұйғарым, арыз, санкция, ұсыныс, өтініш және т. б.) орындау дағдыларын үйрену және меңгеру.);

- прокурордың сот процесіне қатысу тәртібін, оның іс жүргізу ережелері мен құқықтарын зерделеу, оның сотта сөз сөйлеуін дайындау дағдыларын меңгеру.

Студент тәжірибедан өту кезінде орындалатын құжаттардың жобаларын есепке қоса беруі қажет.

## 8 ЕСЕП ЖАСАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Өндірістік тәжірибе нәтижелерін студент жазбаша есеп түрінде жинақтайды

Есеп 2 бөлімнен тұрады: негізгі және қосымша.

Есептің негізгі бөлімінің көлемі 10-15 парақты құрайды, ол 1,5 интервалмен №14 (Times New Roman) шрифтпен басылады. Негізгі бөлім өз кезегінде көлемі жағынан шамамен тең екі бөлікке бөлінеді: теориялық және тәжірибелық.

Бөлімнің теориялық бөлімінде студент тәжірибе базасы бойынша әр түрлә деңгейде ұсынылған жоспар бойынша сипаттап жазады.

Бөлімнің тәжірибелық бөлімін студент тәжірибе өту кезінде жасалған жұмысты көрсететін күнделіктегі күнделікті жазбалар негізінде құрастырады. Осы бөлімнің мазмұны тәжірибе бағдарламасының орындалуы, студенттің тәжірибелық дағдылар мен құзыреттіліктерді алуы, сондай-ақ студенттің жасаған тұжырымдары мен ұсыныстары туралы айтуға мүмкіндік беретіндей етіп жасалуы тиіс.

Есептің қосымша бөлімі студент тәжірибе кезінде оның бағдарламасына сәйкес орындаған құжаттар жобасынан тұрады, сондай-ақ есептің негізгі бөлігінің мазмұнын көрсететін басқа да материалдар қоса берілуі мүмкін.

Өндірістік тәжірибе туралы есепті А-4 форматындағы парақтың бір жағында орындау керек.

Есеп келесі ретпен ресімделуі тиіс:

1. 1 **Тәжірибеге келуді растау туралы анықтама** (Білім алушының тәжірибеге келу және кету мерзімдері, тәжірибе өткен ұйымның атауы, мөр және қол қойылған болуы тиіс.) *(№7 қосымша),*
2. **Тәжірибе есебінің титулдық парағы***(№1 қосымша),*
3. **Жұмыс жоспар-кестесі***(№4 қосымша),* (Кафедра меңгерушісінің бекіту қолы және тәжірибе жетекшісінің ұйым тарапынан қойылған қолы мен мөрі болуы тиіс.)

4. **Тәжірибеден өту күнделігі-есебі**, оның құрамына мыналар кіреді:

- ✓ күнделік-есептің титулдық парағы*(№2қосымша)*:;
- ✓ тәжірибе базасы мен жетекшілер туралы жалпы мәліметтер*(№3қосымша)*;
- ✓ білім алушыға берілген мінездеме (*№6қосымша)* (жеке парақта жетекшінің қолы мен ұйымның мөрі қойылады) ;
- ✓ тәжірибе бойынша баға (*№5қосымша)* (ұйым тарапынан жетекшінің қолы мен мөрі қойылады).

5. **практиканы ұйымдастыру және өту сапасы туралы сауалнама**(бітіру курс студенттері толтырады.)
6. **Жазбаша есептің мазмұны** (*№4қосымша*. Мазмұнына сәйкес жазылады)
7. **Жазбаша есептің толық мәтіні.(** 10-15 парақ**)**
8. **Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі.**
9. Қажет болған жағдайда қосымша құжаттар (қосымшалар).

Оқытудың сырттай нысанындағы және қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып күндізгі бөлімде оқитын студенттер, егер олар білім беру бағдарламасының бейіні бойынша жұмыс істейтін болса, оқу және өндірістік тәжірибелерден босатылады.

Бұл жағдайда студент кафедраға **жеңілдетілген түрде есеп** тапсырады, оған мыналар кіреді:

титулдық парақ;

жұмыс орнынан анықтама;

оның кәсіби қызметін жан-жақты сипаттайтын мінездеме;

тәжірибе базасы арқылы расталған, атқаратын лауазымдық қызметтік міндеттерінің көшірмесі (осы бағдарламада көзделген міндеттердің орындалатыны көрсетілуі тиіс).

## 9 ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ШЫҒАРУ

Тәжірибе аяқталғаннан кейін жетекшілер тәжірибе туралы Студенттік есептерді дайындауды және қорғауды ұйымдастырады.

Тәжірибе аяқталғаннан кейін 7 күннен кешіктірмей студент міндетті түрде тексеру үшін жетекшіге тәжірибе туралы есеп береді.

Тәжірибе туралы есеп студенттің тәжірибе кезеңіндегі қызметін сипаттайтын негізгі құжат болып табылады.

Өндірістік тәжірибе туралы есептерді қорғауды комиссия тәжірибе аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде есептерді қорғау кестесінде белгіленген мерзімде жүргізеді.

Есептерді тексеру кезінде тәжірибе жетекшілері келесі сәттерге назар аударған жөн:

- жиналған материалдардың тәжірибедан өту бағдарламасына сәйкестігі, олардың жеткіліктілігі және дұрыс орындалуы;
- тәжірибе базасы бірінші басшыларының мөрлері мен қолдарының болуы;
- орындалған жұмыс түрлерінің есепте көрсетілуінің толықтығы, олардың тәжірибедан өту бағдарламасына (жеке тапсырмаға) сәйкестігі;
- жиналған материалдар күнінің тәжірибедан өту мерзімдерінің мерзіміне сәйкестігі.

Қорытынды бағаны анықтау кезінде жұмыс берушінің бағасы (40%) және кафедра комиссиясы алдында есепті қорғауды бағалау (60%) жиынтығында ескеріледі.

Тәжірибеге келмеген, тәжірибе бағдарламасын орындамаған, жұмысы туралы теріс пікір немесе кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің қанағаттанғысыз бағасын алған немесе есепті қорғау кезінде қанағаттанғысыз бағасын студент қайта оқу курсына немесе жазғы семестрге жіберіледі

***1 қосымша.*** *<u>Тәжірибеден өткендігі туралы есептің басқы беті</u>*

**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

**___Өндірістік_____ тәжірибедан өту**
**ЕСЕБІ**

Студент ___________________________________________
БББ 6В04214____________________________________
*(тегі, аты, әкесінің аты)*
Тәжірибенің өту орны
___________________________________________________________
*(ұйымның, кәсіпорынның атауы)*
*Тәжірибенің басталуы* _____________________
*Тәжірибенің аяқталуы* __________________

Есепті тәжірибе жетекшісі қарастырды
_____________________________________
*(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, атағы)*
Есеп қорғалды _______________________
*(баға)*
Кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің бағасы
___________________________
*(баға)*
Қорытынды баға _____________________
*(бағ)*
Комиссия
___________________________________
*(Аты-жөні, қолы)*
_________________________________________
*(Аты-жөні, қолы)*
________________________________________
*(Аты-жөні, қолы)*

«____» ____________20___

***№2 қосымша*** - *Тәжірибедан өткендігі туралы күнделік-есеп*

**Ф.П-112-06**

**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

___________________________________ кафедрасы/

**_____Өндірістік______ тәжірибедан өту**

**ЕСЕП-КҮНДЕЛІГІ**

Студент_____________________________________

(*тегі, аты, әкесінің аты)*

курсы ____________тобы

БББ 6В04214_________________________

**ҚАРАҒАНДЫ 20**

***№3 қосымша.***

**ТӘЖІРИБЕ БАЗАСЫ ЖӘНЕ ЖЕТЕКШІСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР**

Тәжірибенің өту орны

______________________________________________________________

*(ұйымның, кәсіпорынның атауы)*

*Тәжірибенің басталуы* __________________________

*Тәжірибенің аяқталуы* _______________________

Кәсіпорыннан (кәсіпорын атынан) тәжірибе жетекшісі

___________________________________________________

*(аты-жөні, тегі, лауазымы, білімі, еңбек өтілі)*

Университеттен (университет атынан) тәжірибе жетекшісі

_____________________________________________________

*(аты-жөні, тегі, лауазымы, ғылыми дәрежесі)*

***№4 қосымша*** - *Тәжірибенің жұмыс жоспары-кестесі*

**Ф.П-112-05**

| БЕКІТЕМІН<br>Кафедра меңгерушісі<br><br>__________//_____________________<br><br>«____» ______________ 20___ ж. | КЕЛІСІЛГЕН<br>Өндірістік тәжірибе жетекшісі<br><br>________//______________________<br><br>«____»_____________20___ж. |
|---|---|

**Өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспары- кестесі**

ББӘ бойынша 6В04214_____________________________

_____курс студенті _____________________________________________

*(Т.А.Ә)*

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

| № | Бағдарламаға сәйкес орындалуға жататын жұмыс тізбесі | Зерттеу тәжірибесі бағдарламасының орындалу мерзімі | | ескерту |
|---|---|---|---|---|
| | | басталуы | аяқталуы | |
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |
| 3 | | | | |

Аты-жөні, қолы_____________________________________________

(кафедрадан тәжірибе жетекшісі)

«____»___________20____ж.

*№5 қосымша*

**Кәсіптік тәжірибе бойынша бағалау**

Студенттің кәсіптік тәжірибесінің кәсіпорыннан жетекшісі кәсіптік тәжірибедан өтуін кестеге сәйкес бағалауы қажет.

| Әріптік жүйе бойынша бағалау | Әріптік бағалаудың цифрлық баламалары | Меңгерілген білімнің пайыздық құрамы | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|---|---|---|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| FX | 0,5 | 49-25 | Қанағаттанарлықсыз |
| F | 0 | 0-24 | |

Кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің бағасы ___________________
Тәжірибе жетекшісінің аты-жөні, лауазымы ______________________
Қолы _________________________
**М.П.** «_____»___________________20_____ж.

***№6қосымша***

**3. Студентті кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің сипаттауы**

Кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің

*(аты-жөні, қолы,мөр)*

***№7Қосымша*** – *Тәжірибеге жолдама*

**Ф.П-112-04**

**ЖОЛДАМА**

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті шарт және "____"________________20___ж. № ___ бұйрық негізінде білім алушыны жібереді

________________________________________________________________

*(Аты-жөні)*

_______________ тәжірибе өту үшін_________________________

*(тәжірибе түрі)* *(кәсіпорындар*

_________________________________________________________________

*атауы)*

Практиканың басталу мерзімі «___»_____________ 20___ ж.
Практиканың аяқталу мерзімі «___»_____________ 20___ ж.

**Университет ректоры ______________________Е.Б. Аймағамбетов**
**М.Ө.**

_________________________________________________________________

***ҚҚК қайтарылады***
***Келу және кету туралы белгі***

Білім алушы ______________________________________________________

*(Аты-жөні)*

______________________________________ кәсіби тәжірибеден өту үшін

*(кәсіби тәжірибе атауы)*

| Келді | Кетті |
|---|---|
| _________________________ | _________________________ |
| *(мекеме атауы)* | *(мекеме атауы)* |
| _________________________ | _________________________ |
| «___»_____________ 20___ ж. | «___»_____________ 20___ ж |

Мөр, қолы Мөр, қолы

***Қосымша №8*** *- <u>Жұмыс берушілерге арналған сауалнама</u>*

**Ф.КП-20-04**

***Құрметті әріптес!***

Біздің университет түлектері мен студенттері үшін жұмыс беруші ретіндегі Сіз басқаратын ұйымның үлесін жоғары бағалаймыз. Осыған орай ЖОО басшылығына біздің университетімізбен мамандарды даярлауға қатысты Сіздің сараптамалық пікіріңізді білу маңызды. Сондықтан төмендегі сауалдарға жауап беруіңізді сұраймыз (таңдаған жауап нұсқасын белгілеңіз). Сіздің жауаптарыңыз бен ұсыныстарыңыз қызметімізде ескеріледі.

Ұйымның атауы ______________________________

Аты-жөні, тегі __________________________

Лауазымы ___________________________________

Тел. _______________________________________

E-mail__________________________________________

Сіздің ұйымыңыздағы қызметкерлер саны қанша: ___________

2. Қазіргі сәтте білікті қызметкерлер құрамымен қамтамасыз етілуіңіз қандай?

1) тамаша
2) өте жақсы
3) жақсы
4) қанағаттанарлық
5) нашар

3. Білікті мамандарды жұмысқа қабылдау үшін Сіздің ұйымыңыз төмендегі әдістердің қайсысын қолданады?

1) тура, тікелей қабылдау
2) газеттердегі жарнама
3) ұйымның жеке веб-сайты
4) жұмыспен қамту бойынша агенттік
5) әріптестерден алынған ақпарат
6) басқа ____________________________________________

4. Келер 5 жылда Сіздің ұйымыңыз үшін қандай даму динамикасы мүмкін?

1) жұмыстар/қызмет көрсетулер көлемі әжептеуір
2) жұмыстар/қызмет көрсетулер көлемінің аз ғана өсуі
3) өзгеріссіз
4) жұмыстар/қызмет көрсетулер көлемінің азаюы

5. Түлектерді жұмыспен қамту бойынша біздің ЖОО бағдарламасында Сіздің қатысу деңгейіңізді қалай бағалайсыз?

1) өте жақсы

2) жақсы
3) қанағаттанарлық
4) сіздердің сұрауларыңыз бойынша
5) өзара әрекеттестігінің жоқ болу, себебі _________________

6. Ұйымыңызда біздің ЖОО түлектері қандай бағыттарда жұмыс істейді?
1) экономикалық
2) заң
3) білім беру
4) техникалық
5) басқа __________________________________

7. Біздің ЖОО кадрларды даярлау сапасын бағалаңыз:
1) өте жақсы
2) жақсы
3) орташа
4) нашар

8. Сіздің ұйымыңызда жұмыс істейтін басқа ЖОО түлектерімен салыстырғанда біздің ЖОО кадрларын даярлау сапасын бағалаңыз:
1) ҚҚУ түлектері кәсіби дайындығы жоғарылау
2) бірдей мамандар
3) ҚҚУ түлектерінің дайындығы төмендеу

9. Келесі кәсіби маңызды дағдылар мен іскерлік деңгейін бағалаңыз (шәкіл бойынша: 5-үздік, 4-жақсы, 3-қанағаттанарлық, 2-қанағаттанарлықсыз)

| Дағдылар | Баға |
|---|---|
| Компьютерлік дағдылар | |
| Қазіргі заманғы технологиялар (қызмет бағыты бойынша) | |
| Мәселені алдын ала көру қабілеті | |
| Адамдармен тез тіл табыса алу | |
| Кәсіптік және этикалық жауапкершілік | |
| Кәсіптік жетілуге ұмтылыс | |
| Салалық ерекшелікті білу | |
| Шетел тілдерін меңгеру | |

10. Егер сізде ЖОО кадрларды даярлау сапасына қатысты қосымша тілектер мен ескертулер болса, оларды еркін түрде баяндаңыз:_____________________________________________

Қолы _________________ «____» __________________ 20__ жыл

***Сауалнамаға қатысқаныңызға рахмет!***

***Қосымша №9*** *- <u>Өндірістік тәжірибені ұйымдастыру және өткізу сапасы туралы сауалнама</u>*

**Ф.П-112-09**

Сапа және маркетинг орталығы Сізден осы сауалнамамен танысуыңызды және қойылған сұрақтараға жауап беруіңізді өтінеді. Сіздердің жауаптарыңыз тәжірибені ұйымдастырудың сапасын және тиімділігін жақсартудың шаралар жүйесін жасауға мүмкіндік береді. Нұсқасы ұсынылған жауаптары бар сұрақтарда Сіздің ойыңызша дұрыс жауапты білдіретін әріпті дөңгелектеп қоршаңыз.

*Мамандық* ________________________________________________________

*Тәжірибе базасының атауы -* ______________________________

*Тәжірибе базасын бағалаңыз:*

Тәжірибе базасында Сіздің мамандығыңыздың саласы/даярлау бағыты бойынша құрылымдық бөлімдер болды ма?

а) иә б) жоқ

Сізге тәжірибе базасының білікті мамандары көмек көрсетті ме?

а) иә б) жоқ в) үнемі емес

Тәжірибе базасында кітапхана қорын, шеберхананы, зертхананы және т.б. қолдану мүмкіндігіңіз болды ма?

а) иә б) жоқ в) үнемі емес

Сіз жұмыс істеу жағдайын қауіпсіз деп есептейсіз бе?

а) иә б) жоқ

Аталған тәжірибе базасында Сізде тәжірибе бағдарламасында қарастырылған барлық оқу міндеттерін кешенді шешудің мүмкіндігі болды ма?

а) иә б) жоқ в) үнемі емес

Тәжірибе базасының материалдық-техникалық қамтамасыз етуі Сізді қанағаттандырды ма?

а) иә б) жоқ

Тәжірибені өту үшін Сіздің біліміңіздің теориялық деңгейі жеткілікті боды ма?

а) иә б) жоқ в) үнемі емес

Тәжірибе қаншалықты тиімді ұйымдастырылған?

а) тиімді б) тиімділігі аз в) тиімсіз

Егер Сіз алдыңғы сұрақтың 2-ші немесе 3-ші пунктін белгілесеңіз, Сіздің ойыңызша тәжірибе неліктен тиімсіз өткізілді (жауаптардың бірнеше нұсқасын таңдауға болады)?

а) тәжірибенің ұйымдастырылуы нашар;

б) университет атынан тағайындалған тәжірибе жетекшісінің тарапынан тәжірибені өтуді жеткіліксіз бақылауы;

в) студенттердің тәжірибені өтуге қызығушылықтарының болмауы;

г) тәжірибе базасы басшылары тарапынан жұмыстың көптігі;

д) басқа да себептер, атап айтқанда ____________________________________________________

Тәжірибе бағдарламасындағы тәжірибені ұйымдастыру және өту бойынша әдістемелік нұсқаулықтың сапасына қанағаттандыңыз ба?

а) иә б) толық емес в) жоқ

Егер Сіз 10-шы сұраққа «жоқ» немесе «толық емес» деп жауап берсеңіз, онда себептерін көрсетіңіз:____________________________________________________
____________________________________________________________

Тәжірибені өтуден бұрын Сіз алдыңызға қандай мақсаттар қойдыңыз:

а) теориялық білімді тәжірибеде бекіту;

б) одан әрі жұмысқа орналасу үшін тәжірибе базасының басшыларымен жеке байланыс орнату;

в) тәжірибелік дайындықтың деңгейін жоғарылату;

г) жауаптың басқа нұсқасы______________________________________________________
_____

Тәжірибе кезеңінде университет басшылығы нақты көмек көрсетті ме?

а) иә б) жоқ в) үнемі емес

Сіз осы кәсіпорында еңбек жолын одан әрі жалғастырғыңыз келе ме?

а) иә;

б) жоқ;

в) мен мұнда әлдеқашан жұмыс істеймін;

г) менімен одан әрі ынтымақтастық туралы шарт жасады.

Тәжірибені өткеннен кейін болашақ мамандығыңыз туралы Сіздің ұғымыңыз өзгерді ме?

а) иә б) жоқ

Тәжірибені ұйымдастыру және өту бойынша Сіздің ұсыныстарыңыз, ескертпелеріңіз және өтініш-тілектеріңіз____________________________________________________

***САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСҚАНЫҢЫЗ ҮШІН РАХМЕТ!***